

«№18 КОЛЛЕДЖ» МКҚК

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың алдын-ала қорытындыларын талқылау

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Шұбар ауылы

20.06.2024 жыл.

Төраға: А.Серікбай.

Хатшы: Ұ.Жылгелдиева

Қамқоршылық кеңес мүшесі: А.Пралиев

Қатысқан адамдар саны: 40

Күн тәртібінде:

2024 жылдың 20 маусымда Түркістан облыстық білім басқармасына қарасты №18 колледж мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың алдын ала қорытындыларын талқылау бойынша ашық кеңес өтті. Жиналысқа қамқоршылық кеңесінің өкілі, кәсіпорын басшылығы мен мекеме қызметкерлері қатысты. Кеңес барысында тиісті талдамалық анықтама дайындай отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың алдын ала қорытындылары талқыланды.

Атап айтқанда:

1. Колледж жарғысына сәйкес регламент нақтылану керек.
2. Іссапар бұйрығына үкіметтің қаулысы қоса жазылу керек.
3. Маусымдық жұмыстың аяқталуына байланысты қызметкерлерге жеке-жеке бұйрық шығару керек.
4. Тәртіптік жаза қолдану кезінде жеке-жеке бұйрық шығару қажет екені айтылды.

Қаулы

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, болашақта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыс фактілерін жасауға жол бермеу басты назарда болуы туралы айтылды.

Жиналыс төрағасы жиналысты қорытындылады.

Төраға

Хатшы



А.Серікбай

Ұ.Жылгелдиева

Сыбайлас жемкорлык тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу бойынша
әдістемелік ұйымдарға
4 - қосымша



Сыбайлас жемкорлык тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас
жемкорлык тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесі:


Сыбайлас жемкорлык тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:

«№18 колледжі» МКҚК

№ P/c	Сыбайлас жемкорлык тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемкорлык тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттер	Сыбайлас жемкорлык тәуекелдері
1	Колледж директоры	1. Әкімшілік жазаны орындау жөніндегі шаралар қабылдау; 2. Мүлкті иелену, пайдалану жөнінде шешімдер қабылдау; 3. Жұмысқа қабылдау рәсімдерін ұйымдастыру; 4. Ерекше еңбек жағдайларын жасау, қызмет бабында жоғарылату;	1. Жазаны орындау бойынша әрекетсіздік таныту және шаралар қолданбау мүмкіндігі; 2. Үлестес тұлғаларды қоса алғанда өзге тұлғаларға сеніп тапсырылған мүлікке құқықтарды заңсыз беру мүмкіндігі; 3. Жұмысқа қабылдау кезінде жеке шешім қабылдау мүмкіндігі;

			4. Ынтыайлы немесе ынгайсыз жагдайлар туғызу, негізсіз марапаттау, тәртіптік жазағарды негізсіз колдану мүмкіндігі;
2	Бас бухгалтер	5. Есепке алу және тиісті шешім қабылдауға әсер ететін есептілік қалыптастыру (қаржы: мүлкіті есепке алу, түтендеу және т.б., бақылау және қадағалау: тексеру шешіміне әсер ететін есеп беру, басқалары)	5. Бұрмаланған қаржылық есептілікті жасау және бухгалтерлік есепте көрсетілуле міндетті деректерді жасыру мүмкіндігі;
3	Кадр менеджерісі бөлімінін	Қызметкерлерге мемлекеттік және ведомстволық наградалардын марапаттау құжаттарын дайындау	Негізсіз марапаттауға ұсыну мүмкіндігі
4	Директор орынбасарлары	Оқу – тәрбие процесіне талдау жүргізу, тиісті шешім қабылдау үшін басшыға ұсыныс жасау	-Қызметкерлерге қысым көрсету мүмкіндігі; -Жекелеген қызметкерлерге патриоттық, туыстық, достық қарым-қатынас белгілері бойынша мансаптық өсу мүмкіндігін ждасау;
5	Шаруашылық менеджерісі	Мүлікті тіркеу және деректер базасын жүргізу	-Мүлікті тіркеу есебінде уақтылы қоймау мүмкіндігі; -Материалдық құралдарды қасақана мерзімінен бұрын есептеп шығару мүмкіндігі; -Мүліктің сақтауына қасақана бақылау жасамау мүмкіндігі;
6	Әдіскер	Ағымдағы және қорытынды аттестацияға бақылау жасау	-Бағалау барысында педагогтарға ықпал жасау мүмкіндігі; -Білім алушылардын немесе олардын ата-аналары тарапынан
7	Пән оқытушылары	Ағымдағы және қорытынды аттестацияны өткізу	-Бағалау барысында объективтілікті сақтамау мүмкіндігі; -Қызмет көрсету немесе бағалау балдарын асыру арқылы білім алушылар немесе ата-аналары тарапынан сыйақы алу мүмкіндігі;

Жұмыс тобынын жетекшісі



А.Серікбай

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша 1 тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру

ХАТТАМАСЫ №1

№18 колледж МКҚК

18.03.2024

Қатысқандар: 44 адам (қырық төрт)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер туралы үлгілік ережеге сәйкес №18 колледж қызметкерлеріне 2023-2024 оқу жылының 1 тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру туралы.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты №18 колледж директоры Ж.Ақтөре жоғарыдағы нұсқаулықтарды негізге ала отырып, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау, комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережелері, құндылықтары мен принциптерін бір түсіндіріп өтті. №18 колледж директорының тәрбие жөніндегі орынбасары квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуші А.Серікбай – ол өз кезегінде 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Қылмыстық Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексін түсіндіріп, колледж қызметкерлері тарапынан нормативтік құқықтық актілер ережелерін сақтамай жүрген деректер тіркелмегенін бұл жөнінде қызметкерлерге толық түсіндірілгеніне тоқталды.

№18 колледж кадр бөлімінің меңгерушісі комплаенс-офицері міндетін атқарушы Ұ.Жылгелдиева ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының принциптері жайлы айтты. Колледж директоры Ж.Ақтөре 18.03.2024 жылы №44 н/қ Комплаенс қызметіне квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуге А.Серікбайды және комплаенс-офицері міндетін атқаруға Ұ.Жылгелдиеваға бұйрық бойынша бекітілгенін айтты. Алдағы уақытта жоғарыдағы көрсетілген құқықтық нормалардың сақталуын бақылауда ұстауды тапсырды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді зерделей келе колледж директоры:

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережелерін сақтауға;
2. 18.03.2024 жылы №44 н/қ Комплаенс-қызметіне квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуші А.Серікбайды және комплаенс-офицері міндетін атқарушы Ұ.Жылгелдиева осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері 1 тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіруі есепке алынсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:

А.Серікбай

Ұ.Жылгелдиева





«Бекітемін»
Түркістан облысы білім басқармасының
№18 колледж МКҚК-ның
басшы Ж.Ж.Ақтөре
«17» 01 2024 жыл

Түркістан облысы білім басқармасының Ордабасы ауданы Шұбар ауылы
№18 колледж МКҚК-ның
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы»
Қазақстан Республикасының Заңының орындалу іс-жоспары

№	Іс - шаралар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттары және Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» байланысты заңнама талаптарын насихаттау (дәріс, хаттама)	Токсан сайын	Басшы, басшының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері мен әкімшілік бөлімі.
2	Ұжым арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу баршамызға ортақ міндет» (дөңгелек үстел)	Токсан сайын	Басшы, басшының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері мен әкімшілік бөлімі.
3	Түскен арыз-шағым, ұсыныстар бойынша жұмыс атқару	күнде	Басшының орынбасарлары мен кадр бөлімі, Заңгер кеңесші – (комплаенс офицері)
4	Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылыққа жол бермеу	тұрақты	Басшы, басшының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері мен әкімшілік бөлімі.
5	Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу: - заң талаптарын орындау; - түсіндіру жұмыстарын жүргізу; - сыпайылық; - қызметтік міндеттерін бұлжытпай орындау;	тұрақты	Басшы, басшының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері мен әкімшілік бөлімі.
6	Қызметтік этика – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың басым шарты (дөңгелек үстел)	тұрақты	Басшы, басшының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері мен әкімшілік бөлімі.
7	Колледж қызметкерлерін ар-намыс кодексін сақтауларын қатаң бақылауға жүргізу (жұмыс барысында)	Жыл бойына	Басшы, басшының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері мен әкімшілік бөлімі.
8	Байқалған көріністерге жол бермеу, алдын-алу (жұмыс барысында)	Жыл бойына	Басшы, басшының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері мен әкімшілік бөлімі.

Ескертпе: Кез келген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың фактілері және белгілері туралы жылдам түрде, кідіріссіз басшыға және комплаенс офицеріне хабарлансын.

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Шұбар ауылы

05.07.2024ж.

Түркістан облысының білім басқармасының «№18 колледж» МКҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың ішкі талдауы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсанындағы №986 Жарлығына, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Занының 8-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазанындағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауды жүргізу колледж директоры Ж.Ақтөренің 2024 жылғы 23 мамырдағы №49 бұйрығына сәйкес, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Серікбай; бас есепші Ж.Сапархан; кәсіподақ төрағасы Б.Омаров; кадр бөлімінің меңгерушісі Ұ.Жылгелдиева; хатшы Л.Сұлтан жүргізді.

Мемлекеттік орган ережесіне сәйкес, Кәсіпорын қызметіне және оған байланысты нормативті-құқықтық актілерге тиісті мына қызмет талданды: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік степендияларды тағайындау, төлеу қағидалары», Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты

- 1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау;
- 2) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлар мен педагогтардың ауысуы;
- 3) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 4) Бақылау функцияларын іске асыру;
- 5) Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша.

Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2024 жылдың 17 мамыр 2024 жылдың 28 маусым аралығында.

1. Білім беру, оқу бөлімі бойынша сыбайлас жемқорлықты тәуекелдерін жою:

2023-2024 оқу жылының ІІ семестрде колледж студенттері штаттық форматта оқыды. Барлық сабақтар, оның ішінде зертханалық, практикалық жұмыстар мен кәсіптік практика штаттық режимде өткізілді. Мамандықтар бойынша оқу жоспарлары колледждің индустриальды кеңесінде талқыланып, мақұлданды және колледж директорымен бекітіліп «Талап» КЕАҚ мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларының реестріне енгізілді. Жаңа оқу жылында 250 білім алушы қабылданып, бір ауысымда жүргізілді.

Сабақтар бір ауысымда өтті. Сабақ кестесі мен қонырау кестелері қаралып колледж директорымен бекітілді. Оқу жұмысының барлық түрлерінің оқу сабақтары үшін 5 минуттық үзіліспен ұзақтығы 45 минуттық академиялық сағат белгіленген. Бір жұптық сабақтың ұзақтығы 2 академиялық сағатты яғни 90 минутты құрайды. Бір жұптық сабақтан кейін 10 минут және білім алушылардың тамақтануы және белсенді демалуы үшін 2 жұп сабақтан кейін ұзақтығы 30 минут үзіліс қарастырылған.

Жұмыс оқу жоспарлары, оқу үрдісінің кестесі, сағаттар кестесі, оқытушылардың жылдық жүктемелері 31.08.2023 жылғы педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген.

«Жалпы білім беретін пәндер» модулі 1440 сағат, 60 кредитті құрайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталды. Жалпы білім беру пәндер модуліндегі «Өзін-өзі тану» пәніне бөлінген 48 сағат 2023 жылғы 3 тамыз №348 бұйрығына сүйене отырып осы модульдің «Қазақстан тарихы» пәніне бөліп берілді.

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын оқу топтарында сағат кестесі бойынша барлығы 23338 сағат, оның ішінде 17196 сағат теориялық оқытуға, 6152 сағат өндірістік оқытуға бөлінген.

Қосымша және факультативтік сабақтар студенттердің сұранысы бойынша айқындалды.

1 курс:

- Өлке тану – 35 сағат;
- Парасаттылық мектебі – 15 сағат;
- Патриоттық тәрбие – 48 сағат;
- Математика мектебі – 22 сағат;

2 курс:

- Экономиканың даму сатылары – 70 сағат;
- Wordskilсталаптары – 50 сағат
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері – 30 сағат;

3 курс:

- Шығармашылық жұмыс тобы – 60 сағат;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері – 30 сағат;

1 жылдық оқу топтары үшін

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері – 30 сағат;
- Шығармашылық жұмыс тобы – 60 сағат;

Студенттердің міндетті оқыту сабақтарының апталық жүктемесі 36 сағаттан кем емес. Штаттық кестеге сәйкес инженер – педагог мамандардың саны – 55. Орташа педагогикалық жүктемелері – 735,5 сағат.

2. Білім алушылардың сабаққа қатыстылығын және білімін бағалау:

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес жүргізілді. Бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі:

- оқытушыға оқу жетістіктерінің әр деңгейіндегі білім алушылар санатын объективті бағалауға және сенімді түрде саралауға мүмкіндік береді;

- жаңа шешімдер іздеуге және ғылыми-шығармашылық белсенділікті (креативті құзыреттілікті) дамыта отырып, оқу және оқудан тыс уақытта білім алушылардың жүйелі түрде өзіндік белсенді қажеттілігін ынталандырады;

- оқу мен жеке жетістіктерін өзіндік бағалау рефлексияға әсер етеді. Рефлексия мінез-құлықты және өзін-өзі дамытуды реттеудің негізгі факторына айналады және білім алушының болашақтағы жетістіктерін алдын-ала анықтайды.

Оқыту нәтижелері теориялық білімдерді, практикалық дағдыларды, дербестік пен жауапкершілік дәрежесін сипаттау арқылы, біліктілік деңгейін анықтау бойынша жалпы ұсыныстар ретінде беріледі. Оқу жұмыс бағдарламалар модульдік-кредиттік технологиясы негізінде жасалынған. Бір кредит 24 сағатты құрайды.

Емтихандар мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ереже:

Кәсіптік модульдің нәтижесі бойынша аралық емтихандар қарастырылған. Қорытынды аттестаттау модульдер бойынша кешенді емтихан және демонстрациялық емтихан түрінде, "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларын" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығына 2 қосымша негізінде жүргізілді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы негізінде аралық аттестаттаудың емтихан ведомостары рәсімделген. Сараланған бағамен өткізілетін бақылау жұмыстары, сынақтар, емтихандар тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын пәндер немесе модульдер бойынша жүргізілген.

Аралық және қорытынды емтихан алу түрлері педагогикалық кеңесте бекітілген. Білім алушыларды емтихан нысанына аралық аттестаттаудан өткізу барысында емтихан билеттері, тест тапсырмалары құрастырылып, оқу бөлімімен бекітіледі. Емтихан кезінде білім алушылардың білімін бағалау дәстүрлі және балдық жүйе бойынша жүзеге асырылып, өтілу барысы оқу бөлімі тарапынан бақыланған.

Колледжде білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу үшін колледж директорының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылған. Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы жұмыс берушілер өкілдерінен 60% -дан кем емес және білім беру ұйымы өкілдерінен 40% - дан артық емес арақатынаста құрылған.

Сыбайлас жемқорлық фактілері анықталмады

2. Кадрлық қызмет бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін

жою:

№18 колледж МКҚК-ның 2024 жылға бекітілген 72 бірліктегі штат кестесіне сәйкес жұмыс жасайды. Оның ішінде 40 инженер- педагог кадрлар, 32 тұрмыстық және әкімшілік шаруашылық жөніндегі персонал.

Біліктілік талаптары бойынша:

Педагог кадрлардың сапалық құрамы:

2023-2024 оқу жылы бойынша 40 инженер- педагогтардың біліктілік санаттары:

Жоғары – 5

Бірінші –6

Екінші –10

Санаты жоқ – 21

Педагог зерттеуші – 2

Педагог сарапшы – 1

Педагог модератор – 3

Педагог магистр - 1

Білім беру ұйымдарының бос лауазымдарына орналасу, бос жұмыс орындарын жариялау Ордабасы аудандық Халықты жұмыспен қамту орталығы, Электрондық биржа арқылы жүзеге асырылады.

Бірінші жарты жылдықта жұмысқа қабылданған қызметкерлердің барлығы 3 адамды құрайды олар 1 өндірістік оқыту шебері, 1 оқытушы, 1 еден жуушы. Жұмыстан босатылғандар саны 7 адам оның ішінде: маусымдық жұмысқа қабылданған 6 от жағушы, зейнет жасына жеткен 1 кір жуушы босатылған. Босатылған бос орындар жайлы еңбек. kz порталы арқылы электрондық келісім шарттары тоқтатылып бос жұмыс орындары жарияланған.

3.Қаржы-шаруашылық бөлімлері бойынша сыбайлас тәуекелдерін жою:

Мекемеге бөлінген қаржыларды қаржы жылына арналған міндеттемелер мент өлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жұмсалған.

- 2024 жылға бекітілген қаржыландыру жоспарының 753024015 бағдарламасы бойынша жылдық қаржы соммасы 471196,0 мың теңге, оның ішінде жарты жылға қаралған қаржы 291959,0 мың теңге; 753024011 бағдарламасы бойынша жылдық қаржы соммасы 94020,0 мың теңге, жарты жылға қаралған қаржы 64545 ,0 мың теңге; бөлінген және жарты жыл есебі бойынша 60 % қаржы игерілді.

Сыбайлас жемқорлық фактілері анықталмады

«№18 колледж» МКҚКК бойынша мамандықтар атауы

1	07150500 - Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	3W07150501 - Электргазымен дәнекерлеуші
---	---	---

2	07161300 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3W07161301 - Автомобиль жөндеу слесарі
3	07161600 «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығының	3W07161603 «Ауыл шаруашылығы өнірісінің тракторист-машинисі»
4	10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының	3W10130302 «Аспазшы» біліктілігі
5	06120100 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілер	3W06120101 - Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы

Қорытынды.

1. Мұғалімдерге сағат бөлу кезінде белгілі бір алгоритм бекітілмеген. Бұл өз кезегінде, сағат бөлу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін.
2. Мекеме бұйрықтарында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптары сақталмаған.
3. Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған.

Жұмысшы топ мүшелері:

Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары
 Бас есепші
 Кәсіподақ төрағасы
 Кадр бөлімінің меңгерушісі
 Хатшы



А.Серікбай;
 Ж.Сапархан;
 Б.Омаров;
 Ұ.Жылгклдиева;
 Л.Сұлтан

БҰЙРЫҚ

23.05.2024г

Шұбар ауылы

ПРИКАЗ

№ н/к 49

**«Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу туралы»**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығы негізінде,
БҰЙЫРАМЫН:

- 1.Түркістан облысының білім басқармасының «№18 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында 2024 жылға жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілсін.
- 2.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылсын.
- 3.Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы бекітілсін.
- 4.Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін.
- 5.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 2024 жылдың 17мамыр – 28 маусым айы аралығы болып бекітілсін.
6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамту кезеңі 2023-28.06.2024 жыл аралығы болып бекітілсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.



Ж.Ақтөре

«№18 колледж» МКҚК
директоры Ж.Ақтөренін
« 23 » 05 2024 жылғы
№ 49 бұйрығына
№ 1 қосымша

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін
жұмысшы топ құрамы:**

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – А.Серікбай комиссия төрағасы;
2. Кадр бөлімінің меңгерушісі – Ұ.Жылгелдиева комиссия мүшесі;
3. Бас есепші – Ж.Сапархан – комиссия мүшесі;
4. Кәсіподақ комитетінің төрағасы – Б.Омаров комиссия мүшесі;
5. Хатшы – Л.Сұлтан комиссия мүшесі.

«№18 колледж» МКҚК
директоры Ж.Ақтөренің
« 23 » 05 2024 жылғы
№ 49 бұйрығына
№ 2 қосымша

Түркістан облысының білім басқармасының «№18 колледж»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
2024 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша
іс-шара
ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны
1	«№18 колледж» МКҚК барлық бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу	17.05.2024-28.06.2024	Жұмысшы топ мүшелері	Анықтама
2	«№18 колледж» МКҚК барлық бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын жария талқылау	17.06.2024-21.06.2024	Жұмысшы топ мүшелері	Сілтеме
3	«№18 колледж» МКҚК барлық бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықтама ұсыну	08.07.2024-11.07.2024	Жұмысшы топ мүшелері	Анықтама



Ж.Ақтөре
2024 ж.

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ ЗАННАМА ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША
«№18 КОЛЛЕДЖ» МКҚК -НЫҢ ТОҚСАН САЙЫНҒЫ ТҮСІНДІРУ ІС-ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ**

№	Түсіндіру шараларының тақырыбы	Уақыты
1	<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы <i>(2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ)</i>; Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі <i>(Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ)</i>; Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі <i>(2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ)</i>;</p>	I-тоқсан
2	<p>Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы <i>(Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы)</i>; Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі <i>(Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ)</i>;</p>	II-тоқсан
3	<p>«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс қызметі» <i>(2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы)</i>; «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» <i>(ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы)</i>;</p>	III-тоқсан
4	<p>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары <i>(ҚР МҚСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы)</i>;</p>	IV-тоқсан

Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары

А.Серікбай

Түркістан облысы білім басқармасының «№18 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша 2-тоқсанда атқарылған түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары»
Х А Т Т А М А С Ы № 3

Шұбар

«02» 06.2024ж.

Жиналыс төрағасы: №18 колледж директоры Ж.Ақтөре
Хатшы: Ұ. Жылгелдиева

Қатысқан қызметкерлер саны: « 40 »

Күн тәртібінде:

Түркістан облысы білім басқармасының «№18 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспарына сай, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығы) ақпараттық түсіндірме жұмысы.

Төрағалық етуші Ж.Ақтөре: осы жиналысты ашық деп жариялап, барлығымызға белгілі елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізіліп отырғанын еске салып, «Сарыағаш облыстық балалар шипа жайы» ШЖҚ МКК-нің 2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстыру, сондай-ақ мекеме ішінде жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында ақпараттық түсіндірме беру үшін мекеменің комплаенс-қызметкері С.Каратаевқа сөз берді.

Мекеме комплаенс-қызметкері –А.Серікбай

Құрметті ұжымдастар, өздеріңізге белгілі мекемеізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында 2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары бекітілген.

Аталған жоспарға сәйкес бүгінгі түсіндіру жұмыстарының тақырыбы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 2 ақпандағы №802 санымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту

және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығының талаптарына ақпараттық түсіндірме жүргізу.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 2 ақпандағы №802 санымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, азаматтарының осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шара болып табылады.

Осыған байланысты, мекемемізде сыбайлас жемқорлықты болдырмау және онымен үнемі күресу бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары бекітіліп, жұмыстар атқарылуда және де 2024 жылға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» үлгілік базалық бағытын іске асыру мақсатында мекемемізде сыбайлас жемқорлық көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылып келетінін және атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріліп, тиісті хаттамалар түзілетінін айтып өтті.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер еңгізілгенің туралы ескерттіп, жаңа еңгізілген баптар бойынша қызметкерлерге толыққанды түсіндірме берді.

Жиналыс соңында күн тәртібіндегі тақырып жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Ж.Ақтөре жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:

Ж.Ақтөре

Хатшы:

Мееу

Ұ.Жылгелдиева

